

# АҚКК біліктілік КОМИССИЯСЫ

ҚАРАША 2024

## САЛЫҚТАР

Бөлінген уақыт: 3 сағат

Бұл емтиханда төрт тапсырма қамтылған, оның әрқайсысы бірнеше бөлімнен тұрады.

- 4 тапсырманың барлығын орындаңыз.
- Тапсырмаларға соған арнап арнайы бөлінген орындарда жауап беріңіз.
- Жақшаның ішінде әр тапсырманың атауынан кейін оның ең жоғары балы келтірілген.
- Уақытты жұмсау бойынша ұсыныс:

1-тапсырма, 25 балл	40 – 45 минут
2-тапсырма, 20 балл	36 – 44 минут
3-тапсырма, 15 балл	24 – 27 минут
4-тапсырма, 40 балл	<u>60 – 64 минут</u>

Уақыттың жиыны: 160 – 180 минут  
Қарапайым программаланбайтын калькуляторларды қолдануға рұқсат етіледі.

### НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

Емтихандық буклетті емтихандық бөлмеден шығаруға ТЫЙЫМ САЛЫНАДЫ.  
Сіз осы емтихандық буклетті тапсыруыңыз қажет

ЕМТИХАНДЫ БАСТАУҒА РҰҚСАТ АЛМАЙЫНША БҰЛ ПАРАҚТЫ АШПАҢЫЗ.

Барлық құқықтар қорғалған. Бұл басылымның ешбір бөлімін заңнамамен тікелей көзделген жағдайларды санамағанда, АҚКК-ның алдын-ала рұқсатын алмайынша жаңғыртуға, деректерді сақтауға және өңдеуге арналған қандай да бір жүйеде сақтауға немесе электронды немесе механикалық құралдарды, соның ішінде ксерокөшірмелеуді, ақпаратты сақтауға немесе іздеуге арналған қандай да бір құрылғыларға жазуды қолданумен қандай да бір нысанда беруге болмайды. АҚКК-ның рұқсатын алуға арналған сұратуларлы мына мекенжай бойынша жолдап отыру керек: [kvalkom@psad.kz](mailto:kvalkom@psad.kz)

## 1-ТАПСЫРМА (25 балл)

ТОО «Сатурн», применяет общеустановленный порядок налогообложения, является плательщиком авансовых платежей по КТС и реализует произведенную готовую продукцию на территории РК и за ее пределами.

Согласно Учетной политики ТОО бухгалтерский учет и составление финансовой отчетности осуществляется в соответствии с МСФО. Сумма авансовых платежей по КТС в 2024 году составила 20 000 мың теңге.

**1-кестеде ЖШС-ның 2024ж. шаруашылық операциялары тізімделген (сомалардың барлығы ҚҚС есебінен көрсетілген):**

1-кесте

1-операция	ЖШС ҚР аумағында алдыңғы жылы сатып алушыларға ұсынылған 20 000 мың теңге соманың жеңілдіктерін ескере отырып, 960 000 мың теңгенің дайын өнімін сатты.
2-операция	100% бастапқы төлем бойынша 200 мың доллар соманың дайын өнімдерін экспорттады, мұндағы долларға қатысты теңгенің ресми бағамы: <ol style="list-style-type: none"> <li>1) бастапқы төлем күніне қарсы 458,</li> <li>2) тиіп жіберу күніне қарсы 455,</li> <li>3) шекараны қиып өту күніне қарсы 460,</li> <li>4) тауарға қатысты құқықтар мен бақылауды беру күніне қарсы 457.</li> </ol>
3-операция	Жүргізілген түгендеу нәтижелері бойынша ЖШС 31.12.2024ж. қатысты мынадай кредиторлық берешектің бар екенін анықтады: <ol style="list-style-type: none"> <li>1) қызметкерлердің алдындағы, 2020 жылғы 31 желтоқсада туындаған, 300 мың теңге соманың;</li> <li>2) «А» ұйымының алдында, 2021 жылдың 20 мамырында алынған аванстар бойынша, 1 000 мың теңге соманың.</li> </ol> Басшылардың шешімі бойынша бухгалтер 1 300 мың теңге соманың табысқа қатысты берешегін шығынға жазады.
4-операция	Тауар-материалдық қорлар бойынша (шикізат, дайын өнімдер, өзге тауарлар): <ul style="list-style-type: none"> <li>• жылдың басына қарсы 70 000 мың теңге соманың сальдосы;</li> <li>• 500 000 мың теңге сомаға сатып алынды;</li> <li>• жылдың соңына қарсы 130 000 мың теңге соманың сальдосы;</li> <li>• 440 000 мың теңге шығынға жазылды, соның ішінде:           <ol style="list-style-type: none"> <li>1) өзіндік құны 3 мың теңге, саны 1000 дана жарнамалық тауар;</li> <li>2) 12 000 мың теңге соманың саны 600 дана дайын жарнамалық өнімі;</li> <li>3) пайдалануға келесі жылы берілетін қоймалық үй-жайдың құрылысына арналған 10 000 мың теңге соманың тауары.</li> </ol> </li> </ul>
5-операция	Бағамдық айырмадан түскен 56 000 мың теңгенің табысы және бағамдық айырма бойынша 38 000 мың теңге соманың шығындары.
6-операция	ЖШС салықтық есепке алуда тұрақты деп танылған активтерді (ТА) сатты <ol style="list-style-type: none"> <li>1) 1 ТА тобындағы 150 000 мың теңге соманың «ғимараттар» ішкі тобы, оның сатылу күніне қарсы баланстық құны 80 000 мың теңгені құрады, ал осы ішкі топ бойынша салықтық кезеңнің басына қатысты құндылық баланс (ТҚБ) 100 000 мың теңгені құрады;</li> <li>2) 1 ТА тобындағы 40 000 мың теңге соманың «ғимараттар» ішкі тобы, оның сатылу күніне қарсы баланстық құны 35 000 мың теңгені құрады, ал осы ішкі топ бойынша салықтық кезеңнің басына қатысты ТҚБ 43 000 мың теңгені құрады.</li> </ol>

7-операция	ЖШС жер телімдерін сатты: 1) ғимарат астындағы 9 500 мың теңге соманың, бастапқы құны 6 000 мың теңге, сату күніне қатысты қайта бағаланған баланстық құны 8 000,0 мың теңге; 2) ғимарат астындағы 20 000 мың теңге соманың, бастапқы құны 22 000 мың теңге, сату күніне қатысты қайта бағаланған баланстық құны 25 000,0 мың теңге.
8-операция	Жұмыс берушінің есептелген шығындары: 1) жұмыскерлердің 300 000 мың теңге соманың кірістері бойынша, соның ішінде мүгедектігі бар тұлғаларға 25 000 мың теңге соманың, ал жұмыскерлерге 280 000 мың теңге соманың шығындары төленді; 2) МӘСК-ға 9 500 мың теңге соманың әлеуметтік аударымдары бойынша, 10 000 мың теңге төленді, соның ішінде алдыңғы жыл үшін 600 мың теңге; 3) МӘМСК-ға аударымдар 6 000 мың теңгені құрады, ал 5 500 мың теңге төленді; 4) жұмыс берушінің БЗЖҚ-ға 4 000 мың теңге соманың міндетті зейнетақы жарналары (ЖМЗТ) бойынша, ал 3 700 мың теңге төленді; 5) 16 000 мың теңге соманың әлеуметтік салығы бойынша, сның ішінде мүгедектігі бар тұлғалардың табысынан есептелген 1 500 мың теңге соманың. Бюджетке төленген нақты әлеуметтік салық 17 000 мың теңге соманы құрады, соның ішінде алдыңғы жыл бойынша 1 000 мың теңге соманың берешегі.
9-операция	ЖШС 200 000 мың теңге соманың жұмыстары мен көрсетілетін қызметтерін, соның ішінде байланыспаған тараптың бейрезидентінен 10 000 000 теңге соманың консультациялық қызметтерін сатып алды
10-операция	600 мың теңге соманың сыйақылары бойынша ай сайынғы шығыстар танылды, оларды займ шарты бойынша қаржылық емес ұйым – байланысқан тарап есептеді, іс-жүзінде 11 ай үшін және алдыңғы жыл үшін 400 мың теңге сома аударыды.

**Қажет етіледі:**

1.1. Әрбір көрсетілген операция бойынша **ТҚБ-ға енгізілетін кірісті** және салықтық есепте КТС-ны есептеу үшін **шегерім** деп танылатын шығындарды **есептеңіз** және қажетті түсіндірмелер беріңіз.

**Анықтама ретінде:**

КО/МО арақатысы = 0,15;

ШК = 4;

АЕК = 3 692 теңге.

**1.1.1. № 1 операция бойынша ЖЖТ үшін өнімдерді сатудан түскен табыс.**


**1.1.2. № 2 операция бойынша ЖЖТ үшін Экспортқа сатудан түскен табыс.**


*1.1.3. № 3 операция бойынша ЖЖТ үшін кірістің түру мен соманы көрсетіңіз.*


*1.1.4. № 4 операция бойынша тауар-материалдық қорлар бойынша шегерімдер.*


*1.1.5 № 5 операция бойынша ЖЖТ үшін табыстар және (немесе) кірістер.*


*1.1.6. № 6 операция бойынша ЖЖТ үшін ҚА шығарылуынан түскен табыс.*


*1.1.7. № 7 операция бойынша ЖЖТ үшін құнның өсімінен түскен табыс.*


*1.1.8. № 8 операция бойынша шегерімдер.*


*1.1.9. № 9 бойынша сатып алынған тауарлар мен көрсетілетін қызметтер бойынша шегерімдер.*


*1.1.10. № 10 операция бойынша сыйақылар бойынша шегерім.*


**1.2** Ағымдағы жылы аванстық төлемдердің сомасы 20 000 мың теңгені құрап отырса, 2024 жылы бюджетке төлеуге жататын КТС сомасын есептеңіз:

**1.2.1.** *Түзетулерді ескергендегі ЖЖТ.*


**1.2.2.** *Шегерімдердің жиыны.*


**1.2.3.** *Салық салынатын табысты (ССТ) табыстар мен шегерімдерді түзетуді ескерумен есептеу.*


**1.2.4.** *Азаюды ескергендегі ССТ.*


**1.2.5.** *Есептелген КТС және аванстық төлемдердің есебімен бюджетке төленуге тиіс КТС.*


**1.3** Сұраққа жауап беріңіз: ЖШС-да нақты КТС-ның КТС аванстық төлемдерінен асу бойынша бұзушылықтар туындай ма?


## 2-ТАПСЫРМА (20 балл)

«СаудаKZ» ЖШС – Қазақстан Республикасының резиденті, ішкі нарықта, сондай-ақ ҚР тысқары тауарлар мен көрсетілетін қызметтерді сатады.

Компания салық салудың жалпыға бірдей белгіленген тәртібін қолданады және ҚҚС бойынша есептік тіркеуге қойылған.

### Қосымша ақпарат:

*Сомалардың барлығы егер өзгеше көрсетілмесе, ҚҚС есебінсіз көрсетілген.*

*Компания ҚҚС-ны есепке жатқызудың пропорционал әдісін қолданады.*

*Барлық көрсетілген қызметтер бойынша Қазақстан Республикасының Салық кодексіне сәйкес электрондық шот-фактуралар берілді.*

**2024 жылдың 3-тоқсанында ЖШС-ның бухгалтерлік есебінде мынадай операциялар тіркелді:**

2-кесте

1-операция	Тауарларды сатудан түскен пайда: - Қазақстан Республикасының аумағында 72 000 000 теңге; - Қазақстан Республикасының аумағынан тыс жерде 9 000 000 теңге.
2-операция	Қырғызстан Республикасына экспортқа тауарлар сатылды, тауарлардың сатылу құны 18 000 000 теңге, тауарларды тиіп жіберудің жүкқұжаты 2024 жылдың 30 қыркүйегінде ресімделді, тауар ҚР Мемлекеттік шекарасын 2024 жылдың 01 қазанында қиып өтті, іс-жүзінде сатып алушының қоймасында 2024 жылдың 01 қазанында кіріске алынды. Жеткізуге арналған келісімшарт талаптарына сәйкес тауарға қатысты бақылауды беру күні сатып алушының тауарды көрсетілген межелі жерде алған күні бойынша DDP шарттарында айқындалған.
3-операция	Қазақстан Республикасының резиденті – заңды тұлғаға 3 жыл бұрын ҚҚС-сыз сатып алынған 950 000 теңге бағамен жеңіл автокөлік сатылды. Автокөлікті сатып алудың бастапқы құны 3 600 000 теңгені, баланстық құны 1 000 000 теңгені құрады.
4-операция	2 жыл бұрын 18 000 000 теңгеге сатып алынған және жұмыскерлердің тұруы үшін пайдаланылатын тұрғындық пәтер 30 000 000 теңгеге сатылды.
5-операция	Мердігермен (ҚҚС төлеуші, Қазақстан Республикасының резиденті) жасасқан келісімшарттың негізінде келісімшарттық құны 7 000 000 теңгені құраған жұмыстар сатып алынды. Осы сомадағы орындалған жұмыстардың актісін мердігер 2024 жылдың 26 қыркүйегінде ресімдеді, «СаудаKZ» ЖШС тарапынан актіге 2024 жылдың 30 қыркүйегінде қол қойылды. Электронды шот-фактураны мердігер 2024 жылдың 03 қазанында ұсынды.
6-операция	Басқа заңды тұлға – ҚР резидентіндегі қатысу үлесі 15 000 000 теңгеге сатылды, сатып алу бағасы 12 000 000 теңге, инвестицияның қайта бағаланған құны 14 000 000 теңге.
7-операция	2024 жылдың 27 тамызынша Үндістаннан импорт бойынша тауарлар сатып алынды, олардың келісімшарттық бағасы 54 500 000 теңге, кедендік құны 58 000 000 теңге, кедендік баж бен алым кедендік бағаның 5,5%-ы. осы операция бойынша импорт бойынша ҚҚС 2024 жылдың 20 қыркүйегінде 7 500 000 теңге сомамен төленді.
8-операция	Тауарды жеткізуші (Үндістан резиденті) жаңа тауарлардың үлгілерін тегін берді, олардың инвойстағы бағасы 1 000 теңге, тауарларға арналған декларацияда көрсетілген бағасы - 35 000 теңге. Осы операция бойынша ҚҚС 2024 жылдың 3-тоқсанында төленді.
9-операция	Ресей Федерациясы резидентінен интернет желісінде 1 400 000 теңге соманың жарнама қызметтері сатып алынды. Бұл операция бойынша төлемдердің барлығы, соның ішінде салықтық төлемдер ағымдағы тоқсанда жүзеге асырылды.
10-операция	Қазақстан Республикасының резиденті болып табылатын компанияның жарғылық капиталына жарна ретінде келісімшарттың шарттары бойынша бұрын

	ҚҚС-мен сатып алынған негізгі құралдар берілген болатын. Мұндай негізгі құралдардың бастапқы құны 18 000 000 теңгені құрады, беру күніне қарсы қайта бағалау мен құнсыздануын есептемегенде баланстық құны 14 500 000 теңгені, қайта бағаланған құны 17 000 000 теңгені құрады.
11-операция	2024 жылдың 25 маусымында негізгі құрал ретінде құны 10 400 000 теңге жүк автокөлігі сатып алынды, сатушының – ҚҚС төлеушісінің электрондық шот-фактураны ұсынған күні 2024 жылдың 2 шілдесі.
12-операция	«Астана-Хаб» халықаралық технологиялық паркінің 750 000 теңгені құрайтын ІТ қызметтері сатып алынды.

**Қажет етіледі:**

Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. **Егер операция ҚҚС бойынша декларацияға ЕНГІЗІЛМЕСЕ, жауапта 0 теңге деп көрсетіңіз.**

**2.1. 2024 жылдың 3-тоқсанындағы** келтірілген шаруашылық операциялар бойынша ҚҚС бойынша салықтық декларацияға енгізуге жататын ҚҚС бойынша салықтық міндеттемелерді есептеу.

*Егер операция салықтық міндеттемеге әсер етпесе, жауапта 0 деп көрсетіңіз.*

**№1 операция.**

2.1.1.1 Сату бойынша айналым.


2.1.1.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.


**№ 2 операция.**

2.1.2.1 Сату бойынша айналым.


2.1.2.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.


**№ 3 операция.**

2.1.3.1 Сату бойынша айналым.


2.1.3.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.


**№ 4 операция.**

2.1.4.1 Сату бойынша айналым.


2.1.4.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.




**№ 5 операция.**

2.1.5.1 Сатып алу бойынша айналым.


2.1.5.2 Сатып алу бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.


**№ 6 операция.**

2.1.6.1 Сату бойынша айналым.


2.1.6.2 Сату бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.


**№ 7 операция.**

2.1.7.1 Салық салынатын импорттың мөлшері.


2.1.7.2 Импорт бойынша ҚҚС.


**№ 8 операция.**

2.1.8.1 Салық салынатын импорттың мөлшері.


2.1.8.2 Импорт бойынша ҚҚС.


**№ 9 операция.**

2.1.9.1 Бейрезиденттен сатып алу бойынша айналым.


2.1.9.2 Бейрезидент үшін ҚҚС.


**№ 10 операция.**

2.1.10.1 Сатып алу бойынша айналымды түзету.


2.1.10.2 Сатып алу бойынша айналымды түзетуден ҚҚС.


**№ 11 операция.**

2.1.11.1 Сатып алу бойынша айналым.


2.1.11.2 Сатып алу бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.


**№ 12 операция.**

2.1.12.1 Сатып алу бойынша айналым.


2.1.12.2 Сатып алу бойынша айналымнан ұсталатын ҚҚС.


**2.2.** 2024 жылдың 3-тоқсанындағы салық салынатын айналымнан ҚҚС-ны есептеңіз


**2.3.** 2024 жылдың 3-тоқсанындағы жалпы айналымдағы салық салынатын айналымның үлесін есептеңіз (мәнін үтірден кейінгі екі таңбаға дейін домалақтап отырыңыз)


### 3-ТАПСЫРМА (15 балл)

Салықтық кезең: 2024 жыл

АЕК = 3 692 теңге

АЖА = 85 000 теңге

Физикалық тұлға Алиев А. А. – ҚР азаматы, 1980 жылы туған, 2024 жылдың маусым айында мынадай табыстар мен ақшалай төлемдерді және мүлікті алады:

**1. Салық салудың жалпыға бірде белгіленген тәртібін қолданатын «А» ЖШС-мен Еңбек шарты бойынша:**

- 1) 300 000 теңге еңбекақы көлеміндегі жалақы;
- 2) 50 000 теңге соманың арнайы өндірістік киімі;
- 3) Ұжымдық келісімшартқа сәйкес, баланың тууы бойынша материалдық жәрдем - 80 000 теңге, өтініш пен қызының тууы туралы анықтаманы жұмыскер ұсынды;
- 4) Атырау қ. өндіріс нысанын монтаждау жұмыстарына арналған 500 000 теңге соманың іс-сапар шығындары бойынша өтемақы. Жұмыскердің аванстық есептеріне мынадай құжаттар тіркелді: әуе көлігімен екі жаққа ұшу - 120 000 теңге, қонақ үйде тұру - 180 000 теңге, 10 күнтізбелік күн үшін тәулікақы - 150 000 теңге, компанияның бекітілген Салықтық есептік саясаты шегінде. Расталмаған шығындардың қалдығын жұмыскер қайтармады және компания қарыз соманы кешірді;
- 5) пәтерді жөндеуге 2025 жылдың 30 маусымына дейін 600 000 теңге соманың пайызсыз займын берді, Займ шартына сәйкес, ақшалай қаражатты жалақыдан ай сайын 50 000 теңге шегерумен қайтарумен.

**Анықтама ретінде:**

1. Алиев А. А. – салықтық шегерімдерді қолдану құқығы туралы өтініш берді:

- 1) ай сайын 14 АЕК түріндегі стандарттық;
- 2) тұрғын үй құрылыс жинақтау банкінде (ЖҚЖБ) займ шарты бойынша сыйақы сомасына. Ағымдағы айда жұмыскер ЖҚЖБ-ға 120 000 теңге төледі, соның ішінде негізгі борыштың өтемі ретінде 40 000 теңге, ал сыйақының қалған сомасы маусым айында 60 000 теңге және мамыр айында 20 000 теңге.

2. А.А. Алиев әлеуметтік төлемдерден босатылмаған.

**2. Екі Сату-сатып алу шарты бойынша Алиев А.А. мыналарды сатты:**

- 1) Астана қ. тұрғын үй құрылысына арнап жер телімін - 7 000 000 теңгеге, ол 2 жыл бұрын 6 000 000 теңгеге сатып алынды.
- 2) Түркиядағы тұрғын үйдегі пәтерді және сатып алушыдан 30 000 000 теңгены алды, оны 5 жыл бұрын 20 000 000 теңгеге сатып алған.

**Анықтама ретінде:**

- 1) Алиев А.А. – 01.01.2024ж. бастап жалпыға бірдей декларацияның қатысушысы болып табылады.
- 2) Алиев А.А. ағымдағы жылы 10 жасқа толатын баланы асырап алушы болып табылады және салық агенттерінен 882 АЕК түріндегі стандарттық шегерімді қолданбады.

**Қажет етіледі:** Төменде келтірілген сұрақтарға жауап беру. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз. Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

**3.1.** Жұмыскер А. А. Алиевтің жұмыс берушіден алған, жеке тұлғаның ағымдағы айдағы табысы деп қаралмайтын әрбір төлемі мен мүлкін көрсетіңіз.


**3.2.** Жұмыскердің салық салуға жататын табысының сомасын көрсетіңіз.


**3.3.** Жұмыскердің түзетілетін және ЖТС салынбайтын табысын көрсетіңіз.


**3.4.** Жұмыскер маусым айында құқылы болатын әрбір салықтық шегерімнің сомасы мен жиынтық соманы есептеңіз.


**3.5.** Жұмыскердің салық салынатын табысы мен төлем көзінің жанынан алынатын ЖТС-ны есептеңіз.


**3.6.** Әлеуметтік төлемдерді есептеңіз: Әлеуметтік аударымдар, МӘМС, ЖМЗЖ аударымдары.


**3.7.** Есептелген Әлеуметтік салықтың сомасын және бюджетке төлеуге жататын Әлеуметтік салықты есептеңіз.


**3.8.** А. А. Алиевтің мүлкін сатуды және жеке тұлғаның ағымдағы жылы табыс ретінде қарастырылмайтын құнды көрсетіңіз, мұндай операция болмаған жағдайда нөл деп көрсетіңіз.


**3.9.** А. А. Алиевтің жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын табысын көрсетіңіз.


**3.10.** Жеке тұлға 882 АЕК салықтық шегерімге құқылы ма. Жеке тұлғаның өз бетінше салық салуына жататын салық салынатын табысын есептеңіз.


**3.11.** Мүліктің табыстан ЖТС есептеңіз


## 4-ТАПСЫРМА (40 балл)

Төменде келтірілген сұрақтардың әрқайсысы бойынша **ең жақсы** жауапты таңдаңыз. **Әр сұраққа тек бір ғана жауап беріңіз. Барлық сұрақтарға жауап беріңіз.** Сіздің бағаңыз дұрыс жауаптардың жалпы санына негізделетін болады.

**Келесі ақпарат 4.1 және 4.2 сұрақтарға жауап беру үшін қажет:**

ЖШС (резидент) Қырғызстаннан 6 000 000 сомның тауарларын импорттады. 17 наурызда тауар шекара арқылы өткізілді. Шот-фактураны қырғыздық жеткізуші 15 наурызда ұсынды. Тауар Қырғызстандағы қоймадан 16 наурызда жөнелтілді және компанияның Қазақстандағы қоймасына 18 наурызда жеткізілді. Келісімшарт өзі келіп алып кету шартымен жасалды. Қырғыз сомының теңгеге қатыст бағамы мынадай:

**15 наурыз = 4,85 теңге;**

**16 наурыз = 4,9 теңге;**

**17 наурыз = 5 теңге;**

**18 наурыз = 5,2 теңге;**

**4.1.** Бұл жағдайда қай күн тауарларды жеткізу күні болып саналады?

- а) 18 наурыз;
- б) 15 наурыз;
- в) 16 наурыз;
- г) 17 наурыз.

**4.2.** Импорттау кезінде компания ҚҚС-ның қандай сомасын төлейді?

- а) 3 492 000 теңге;
- б) 3 528 000 теңге;
- в) 3 600 000 теңге;
- г) 3 744 000 теңге.

**Келесі ақпарат 4.3 және 4.4 сұрақтарға жауап беру үшін қажет:**

Компанияның 2023 және 2024 жылдар бойынша жиынтық жылдық табысы соған сәйкес 1 300 000 000 және 1 100 000 000 теңгені құрады. Декларациялар бойынша КТС келесі мөлшерде төленді:

- 2023 жыл бойынша 28 000 000 теңге;
- 2024 жыл бойынша 22 000 000 теңге;

2024 жылы кезеңдегі КТС бойынша аванстық төлемдер декларацияны тапсыруға дейін 5 000 000 теңге ні және декларацияны тапсырудан кейін 16 000 000 теңгені құрады.

**4.3.** Компания 2025 жылы декларацияны тапсыруға дейін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдердің қандай мөлшерін мәлімдеуге тиіс болады?

- а) 22 000 000 теңге;
- б) 5 250 000 теңге;
- в) 15 750 000 теңге;
- г) 7 000 000 теңге.

**4.4.** Декларацияны тапсырғаннан кейін корпоративтік табыс салығы бойынша аванстық төлемдерді түзету шарасын компания мына мерзімнен КЕШКІРМЕЙ жүзеге асыра алады:

- а) 20 сәуір;
- б) 10 сәуір;
- в) 25 желтоқсан;
- г) 31 желтоқсан.

4.5. 2024 жылы еңбек шарты бойынша жұмыс істейтін жеке тұлға бір жұмыс берушіден бір жылда 3 500 000 теңге табыс алды. Жұмыскер 5 жастағы мүгедек-баланың асыраушысы болып табылады. Сондай-ақ жеке тұлға 50 000 000 теңгеге коммерциялық үй-жайды сатады. Үй-жай оған 2001 жылдан бастап меншік құқығы бойынша тиесілі және 1 000 000 теңгеге сатып алынған. Салықтық шегерімдердің барлығын жұмыскер жұмыс берушіден қолданады. Өз бетінше салық салынатын жеке тұлғаның табысына қатысты ЖТС сомасы неге тең?

- а) 4 900 000 теңге;
- б) 328 525 теңге;
- в) 427 340 теңге;
- г) 3 500 000 теңге.

4.6. Салық салу кезінде жеке тұлғаның табысы деп төмендегілер танылады және ҚР СК 341-бабының ережелеріне сәйкес түзетуге жатады:

- а) жұмыскердің сонымен бірге өз жұмыс берушісінен алған несиелерді (займдарды, микронесиелерді) пайдаланғаны үшін сыйақыға қатысты үнемнен болған материалдық пайда;
- б) берілген арнайы киімнің, арнайы аяқ-киімнің, дербес қорғаныс құралдарының құны;
- в) моральдік зиянды санамағанда, ҚР заңнамасына сәйкес, жеке тұлғаның өмірі мен денсаулығына келтірілген зиянды өтеу;
- г) жұмыс берушінің табыс табуға арналған қызметті жүзеге асырумен байланысты емес шығындары, олар нақты жеке тұлғаларға үлестірілмейді;

4.7. Қазақстан Республикасының әлеуметтік қорғау туралы заңнамасына сәйкес ұсынылған әлеуметтік төлемді шегергенде, жүктілік пен босану бойынша демалыстың, сондай-ақ жаңа туған баланы (балаларды) асырап алуға арналған демалыстың ақысын төлеу кезінде табысты жұмыс берушінің шығындарына қатысты түзету қандай мөлшерде жүзеге асырылады:

- а) 1 АЕК;
- б) 94 АЕК;
- в) 12 АЕК;
- г) 14 АЕК.

**Келесі ақпарат 4.8 және 4.9 сұрақтарға жауап беру үшін қажет:**

Компания салық салудың оңайлатылған режимін қолданады. Жұмыскерлердің штаттық саны 10 адамды құрайды. Штаттық кестеге сәйкес ай сайын әр жұмыскерге 110 000 теңге көлемінде жалақы есептеледі. Компанияның 1-жартыжылдық бойынша алған табысы 20 000 000 теңгені құрады.

*Анықтамалық ақпарат: есептеу кезінде (қажетіне қарай) 3 692 теңге мөлшеріндегі АЕК-ны қолдану*

4.8 Оңайлатылған декларация бойынша есептелген әлеуметтік салықтың сомасы неге тең (әлеуметтік аударымдар шегерілгенге дейін)?

- а) 255 000 теңге;
- б) 236 000 теңге;
- в) 300 000 теңге;
- г) 273 225 теңге.

4.9 Оңайлатылған салықтық режимді қолданатын субъект жұмыскерлердің орташа айлық жалақысы қандай мөлшерде болған жағдайда салықтарды азайтуға құқылы болады?

- а) ЖК-да 25 АЕК және заңды тұлғада 35 АЕК;
- б) ЖК-да 23 АЕК және заңды тұлғада 29 АЕК;
- в) ЖК-да 20 АЕК және заңды тұлғада 30 АЕК;
- г) ЖК-да 22 АЕК және заңды тұлғада 35 АЕК.

**4.10.** Белгіленген шегерімді пайдалана отырып, арнайы салық режимін қолдану кезінде салық төлеушінің табысының жалпы шамасын қалыптастыруға қандай табыс түрлері ҚАТЫСПАЙДЫ?

- а) Қазақстан аумағында тауарларды сату;
- б) Міндеттемелерді шығынға жазу;
- в) Қазақстаннан тыс жерлерде қызмет көрсету;
- г) Мүлікті жалдау.

**Келесі ақпарат 4.11, 4.12 және 4.13 сұрақтарға жауап беру үшін қажет:**

Компания есептік кезеңдегі кірістер бойынша төмендегідей деректерге ие (деректер ҚҚС-сыз көрсетілген):

Тауарларды Қазақстанда сату – 10 000 000 теңге;

Тауарларды экспортқа сату – 6 000 000 теңге;

Тауарларды Қазақстаннан тыс жерлерде сату – 4 000 000 теңге.

**4.11** Компанияның жалпы айналымындағы салық салынатын айналымның үлесін көрсетіңіз.

- а) 80%;
- б) 50%;
- в) 30%;
- г) 20%.

**4.12** Егер есептік кезеңде сатып алынған тауарлар, жұмыстар мен көрсетілген қызметтер бойынша ҚҚС сомасы 2100000 теңгені құраса, компания қандай соманы есепке жатқыза алады?

- а) 1 050 000 теңге;
- б) 630 000 теңге;
- в) 1 680 000 теңге;
- г) 420 000 теңге.

**4.13** ҚҚС-ны есепке жатқызудың пропорционал әдісін қолдану кезінде Компания кезең бойынша қосылған құн салығы бойынша декларацияда есептеуге ҚҚС-ның қандай сомасын есептеуге (+) немесе есепке алудың асыруда (-) көрсетеді?

- а) 150 000 теңге;
- б) 570 000 теңге;
- в) – 480 000 теңге;
- г) – 780 000 теңге.

**4.14.** Салық төлеушінің ауданы 0,05 га. жер телімі бар. Жер телімі жылдың басынан бері иелікте болған және 15 қыркүйекте сатылды. 1 шаршы метр үшін жер салығының мөлшерлемесі 28,95 теңгені құрайды. Жергілікті атқарушы органдармен белгіленген жер салығы мөлшерлемесінің асырылу коэффициенті 1,3 мәніне тең. Жеке тұлға осы жер телімі бойынша жер салығының қандай сомасын төлеуі тиіс? (Есеп бүтін сандарға дейін домалақтанады).

- а) 18 817 теңге.
- б) 12 545 теңге.
- в) 14 113 теңге.
- г) 16 284 теңге.

**4.15** Компания, егер алдыңғы ... бойынша қосылған құн салығы бойынша салық салынатын айналымның ең төмен мөлшерін асырмаса, ҚҚС бойынша есептік тіркеуден алу туралы өтініш беруге құқылы:

- а) есептік тоқсан;
- б) күнтізбелік жыл;



- в) есептік жартыжылдық;
- г) есептік ай.

**4.16** Әлеуметтік салада қызметін жүзеге асыратын ұйымдар үшін Салық кодексінің 290-бабының 2-тармағына сәйкес, корпоративтік табыс салығының сомасын азайту үшін қандай шарт орындалып отыруы тиіс?

- а) Өтеусіз алынған мүлікті және аталған қызметтен оң таңбалы бағамдық айырманы қоса алғанда, салық салынатын жылдық табыс жылдық жиынтық табыстың кемінде 100%-ын құрап және әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыруға бағытталуы тиіс;
- б) Өтеусіз алынған мүлікті және аталған қызметтен оң таңбалы бағамдық айырманы қоса алғанда, қызмет түрлерінен түскен табыс жылдық жиынтық табыстың кемінде 100%-ын құрап және әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.
- в) Өтеусіз алынған мүлікті және аталған қызметтен оң таңбалы бағамдық айырманы қоса алғанда, қызмет түрлерінен түскен табыс жылдық жиынтық табыстың кемінде 90%-ын құрап және әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыруға бағытталуы тиіс;
- г) Өтеусіз алынған мүлікті және аталған қызметтен оң таңбалы бағамдық айырманы қоса алғанда, салық салынатын жылдық табыс жылдық жиынтық табыстың кемінде 90%-ын құрап және әлеуметтік саладағы қызметті жүзеге асыруға бағытталуы тиіс.

**4.17** Төменде аталғандардың қайсысы міндеттемелерді шығынға жазудан түскен табысқа енгізілмейді?

- а) Мүліктік кешен ретінде кәсіпорынды сатып алу-сату шарты бойынша оларды беруге байланысты міндеттемелер мөлшерін азайту;
- б) Салық төлеушіден оның кредиторының міндеттемелерді азайтуы;
- в) Салық төлеуші тараған жағдайда тарату балансын бекіту кезінде кредитор талап етпеген міндеттемелер;
- г) Талап қою мерзімінің өтуіне байланысты есептен шығаруға жататын міндеттемелер.

**4.18** Өз бетінше салық салуға жататын жеке тұлғаның мүліктік табысына **жатпайды**:

- а) салық агенттері болып табылмайтын тұлғаларға мүлікті жалға беруден алынған табыс;
- б) заңды тұлғаларға немесе жеке кәсіпкерлерге мүлікті жалға беруден алынған табыс;
- в) жеке тұлғаның тұрғын үйді және жер учаскесін сатуы кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс;
- г) жеке тұлғаның тұрғын мүлікті (ақшадан басқа) жарғылық капиталға салым ретінде беруі кезіндегі құн өсімінен түсетін табыс.

**4.19** Компания қызметкерді 45 тәулікке өндірістік міндеттерді орындау үшін іссапарға жіберді. Рейстердің тығыз кестесіне байланысты іссапар сенбіде басталды. Іссапарда қанша күн болған кезде компания салық салынатын кірісті есептеу кезінде күнделікті шығындарды шегерімге жатқыза алады?

- а) 45 тәулік;
- б) 40 тәулік;
- в) 38 тәулік;
- г) 43 тәулік.

**4.20** Темекі бұйымдарына берілген акциздік маркалар бүлінген немесе жоғалған кезде акциздің ақысы төленуге жата ма?

- а) Жағдайға байланыссыз толық көлемде төленуге тиіс;
- б) Маркалардың түріне байланысты ішінара төленуге жатады;
- в) Егер бүлінген маркаларды салық органдары есептен шығару және жою актісі негізінде қабылдаса, төлеуге жатпайды;
- г) Акцизделетін тауарлардың жоғалған көлеміне барабар акциздің сомасын қайта есептей отырып төлеуге жатады.

**ЕМТИХАНДЫҚ ТАПСЫРМАНЫҢ СОҢЫ**









**БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ**

**БҰЛ ПАРАҚҚА ЖАЗБАҢЫЗ**